

**Қармақшы ауданы әкімдігінің 2007 жылғы 24 желтоқсандағы "Мүгедек балаларды үйде тәрбиелеу мен оқытуға көрсетілетін әлеуметтік көмектің Қағидасы мен мөлшерін бекіту туралы" N 172 қаулысана өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қызылорда облысы Қармақшы ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 17 ақпандағы N 795 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаменті Қармақшы ауданының Әділет басқармасында 2010 жылы 15 наурызда N 10-5-125 тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы Қармақшы ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 10 қыркүйектегі N 76 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы Қармақшы ауданы әкімдігінің 10.09.2013 N 76 қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы және Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы Заңдарына сәйкес Қармақшы ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қармақшы ауданы әкімдігінің 2007 жылғы 24 желтоқсандағы "Мүгедек балаларды үйде тәрбиелеу мен оқытуға көрсетілетін әлеуметтік көмектің Қағидасы мен мөлшерін бекіту туралы" N 172 қаулысына (Қармақшы ауданының Әділет басқармасында 2008 жылы 01 ақпанда N 10-5-83 санды мемлекеттік тіркеуден өткен, "Қармақшы таңы" газетінің 13 ақпан 2008 жылғы N 13 басылымында ресми жарияланған, Қармақшы ауданы әкімдігінің 2008 жылғы 27 мамырдағы "Қармақшы ауданы әкімдігінің "Мүгедек балаларды үйде тәрбиелеу мен оқытуға көрсетілетін әлеуметтік көмектің Қағидасы мен мөлшерін бекіту туралы" 24.12.2007 жылғы N 172 санды қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" N 298 қаулысы Қармақшы ауданының Әділет басқармасында 2008 жылы 03 шілдеде N 10-5-92 санды мемлекеттік тіркеуден өткен, "Қармақшы таңы" газетінің 16 шілде 2008 жылғы N 58 басылымында ресми жарияланған) төмендегідей өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

қаулымен бекітілген "Мүгедек балаларды үйде тәрбиелеу мен оқытуға көрсетілетін әлеуметтік көмектің Қағидасының" 20 тармақшасы төмендегі мәтіндегі жаңа редакцияда жазылсын:

- "20. Әлеуметтік көмекке арналған қаражаттар әлеуметтік көмекті алушылардың жеке шоттарына екінші деңгейдегі банктер арқылы немесе банк операцияларының тиісті түріне Қазақстан Республикасының Ұлттық банкінің

лицензиясы бар ұйымдары арқылы аударылады".

2. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау аудан әкімінің орынбасары Е.Қалиевке жүктелсін.

3. Қаулы ресми жарияланған күнінен бастап 10 күннен кейін қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*Б. Қаюпов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК